	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	Сапалы менеджмент жүйесі	Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар	<b>1 бет 23</b>

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым  
министрлігі

Министерство  
образования и науки  
Республики Казахстан

Д. Серікбаев атындағы  
ШҚМТУ

ВКГТУ  
им. Д. Серикбаева

БЕКІТЕМІН  
ЭжМ факультет деканының м.а.

\_\_\_\_\_ Е.В. Варавин  
\_\_\_\_\_ 2011 ж


**КОРПОРАТИВТІ ҚАРЖЫ**  
Жұмыс бағдарламасы,  
бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар

**КОРПОРАТИВНЫЕ ФИНАНСЫ**  
Рабочая учебная программа, методические указания по выполнению  
контрольных работ

Мамандық: (050509) 5B050900 «Қаржы»

Оқу түрі: сырттай (орташа, орташа арнайы және жоғары білім негізінде )

Өскемен  
Усть-Каменогорск  
2011

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>2 бет 23</b>

Жұмыс бағдарламасы Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру негізінде «Қаржы, есеп және салық салу» кафедрасында дайындалып 050509 (5B050900) «Қаржы» мамандығындағы студенттерге арналған.

Қаржы, есеп және салық салу кафедра отырысында талқыланды

Кафедра меңгерушісі

О.В. Куур

№ \_\_\_\_\_ хаттама \_\_\_\_\_ ж.

Экономика және менеджмент факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

Төраға

Г.И. Жакенова

№ \_\_\_\_\_ хаттама \_\_\_\_\_ ж.


Дайындады

доцент

Э.С. Мадиярова

Норма бақылаушы

А.Е. Қасенова

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	Сапалы менеджмент жүйесі	Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар	<b>3 бет 23</b>

## 1 ПӘННІҢ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

Семестр	Кредит саны	Оқу түрі					СӨЖ сағат саны	Жалпы сағат саны	Бақылау түрі
		Жанаспалы сағат саны							
		Дәріс	Семинар. (тәжір.)	Зертханал оқу	СӨЖ	Барлық сағат саны			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Сырттай оқу түрі									
6	3	12	8			20	115	135	Емтихан
Сырттай қысқартылған оқу түрі									
2	2	8	4			12	78	135	Емтихан
4	2	8	4			12	78	135	Емтихан


## 2 ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ, ОНЫҢ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

### 2.1 Оқылатын пән сипаттамасы

Корпоративтік қаржылар – батыс және отандық университеттерде және бизнес мектептерінде экономикалық білім беру жүйесіндегі негізгі және міндетті курстарының бірі. Оның мазмұны қаржының жалпы теориялық тұжырымдамаларын және дамыған қаржы нарығында, бағалы қағаздардың құнын қалыптастыруға бағытталған акционерлік компанияның қаржылық басқарудың тәжірибелік әдістерін қамтиды .

«Корпоративтік қаржылар» курсының мазмұны меншікті қаржылық ресурстарды қалыптастыру, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу мен пайдалану, сондай-ақ негізгі өндірістік қорлар мен айналым қаражаттарын, өндірісті және өнім, қызмет көрсету, жұмысты өткізуді қалыптастыру процессінде пайда болатын ақша қатынастары жүйесі болып табылады.

Корпоративтік қаржы мемлекеттің бірыңғай қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ең алдымен жалпы қоғамдық өнім, ұлттық табыс және ұлттық байлық құралатын материалдық өндіріс саласына қызмет көрсетумен айқындалады. Мәні жағынан корпорациялар қаржысы қаржы жүйесінің ерекше бөлігі болып табылады. Олар өндіріспен тығыз

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>4 бет 23</b>

байланысты және экономика дамуының заңдылықтарын көрсетеді, экономикалық бизнестің құрамына кіретін категория болып табылады.

Корпорация қаржысының жағдайы жалпы мемлекеттік және аймақтық ақша қорларының қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуіне елеулі әсер етеді. Неғұрлым кәсіпорындардың қаржылық жағдайы мықты әрі берік болса, соғұрлым жалпы мемлекеттік және аймақтық ақша қорлары толығымен қамтамасыз етіледі, әлеуметтік-мәдени және қоғамның басқа да қажеттіліктері жеткілікті түрде қанағаттандырылады.

Кәсіпорынның қаржылық қызметі екі жан-жақты бағытталған факторлар әсерінен құралады: фирма ішіндегі қатынастар және сыртқы бизнес ортамен қатынастар. Сондықтан да нарық жағдайындағы корпорациялар деңгейіндегі қаржылық қатынастар жүйесін басқарудың қажетті құралы болып қаржылық жағдайдың жалпы деңгейіне әсер ететін барлық факторлардың өзара байланысын дұрыс түсіну табылады.

## **2.2 Пәнді оқытудағы мақсат**


«Корпоративтік қаржы» курсы - экономикалық ілімдердің маңызды құрамдас бөлігінің бірі, кәсіпорын қаржысының ерекшелігі зерттелетін негізгі оқу пәні болып табылады.

«Корпоративтік қаржы» курсын оқытудың негізгі мақсаты – корпорация қаржысын ұйымдастыру, қаржылық тұрақтылыққа жету мақсатында тиімді басқару мен оңтайландыру, алынатын таза табысты жоғарылату негіздерін қамтамасыз ету.

## **2.3. Пәнді оқытудың міндеттері**

«Корпоративтік қаржы» пәнінің міндеттері:

- корпорация қаржысының маңызын, ұйымдастыру принциптерін, функцияларын, қаржы жүйесіндегі мемлекеттің ролін, кәсіпорындардың қаржылық қатынастарын теориялық түрде негіздеу;
- корпорация активтерінің және олардың құрылу қайнарларының, қаржылық ресурстардың маңызын, оптималды құрамын және құрылымын ашу;
- қаржылық есептеу әдістері туралы ұғым беру және практикалық дағдылардың дамыту;
- қаржылық жоспарлаудың әдістерін, принциптерін, құрылымын және мазмұнын негіздеу;
- корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдарын анықтау, қаржылық жағдайсыздыққа және банкроттыққа жеткізбеу;

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>5 бет 23</b>

- қаржылық құралдарды стратегиялық және ағымдық қаржылық жоспарлауда қаржылық-шаруашылық қызметті талдауда, нақты экономикалық жағдайларды кәсіпорындардың инвестициялық және қаржылық саясатына басқару шешімдерін қабылдауда қолдану мүмкіндігі үшін талдаулық ойлау қабілетін дамыту.

## 2.4 Пререквизиттар

«Корпоративтік қаржы» курсын оқытуға негіз болатын пәндер:

- Экономикалық ілім;
- Микроэкономика;
- Қаржы;
- Статистика;
- Бухгалтерлік есеп.


## 2.5 Постреквизиттар

- Қаржылық менеджмент;
- Қаржылық есептемелерді талдау;
- Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу;
- Салық және салық салу;
- Басқару есебі.


## 3 ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### 3.1 Оқу жұмысының жоспары

Тақырып атаулары	Еңбек сыйымдылығы, сағат	
	Оқу түрі	
	Сырттай	Сырттай қысқ.
1	2	3
<b>Дәрістік сабақ</b>		
Тақырып 1 Корпорация қаржыларын ұйымдастыру ерекшеліктері	1	0,5
Тақырып 2 Қаржы-несие шешімдерін қабылдаудағы қаржы-экономикалық есептердің математикалық негіздері	1	0,5
Тақырып 3 Корпорацияның негізгі капиталы	1	1

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>6 бет 23</b>

Тақырып 4 Корпорацияның айналым капиталы	1	1
Тақырып 5 Корпорация өнімін өндіруге және өткізуге арналған шығындар және оларды қаржыландыру	1	1
Тақырып 6 Корпорация табысын қалыптастыру және бөлу	1	1
1	2	3
Тақырып 7 Корпорацияның меншікті капиталы	1	0,5
Тақырып 8 Корпорацияны қаржыландырудың қарыз көздері	1	0,5
Тақырып 9 Корпорация капиталының құны мен құрылымы	1	0,5
Тақырып 10 Корпорацияның қаржысын жоспарлау	1	0,5
Тақырып 11 Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары	1	0,5
Тақырып 12 Корпорацияның қаржылық дәрменсіздігі	1	0,5
<b>Семинарлық (тәжірибелік) сабақ</b>		
Тақырып 1 Корпорация қаржылары, олардың құрамы мен ұйымдастырылуы	1	0,5
Тақырып 2 Корпорацияның негізгі капиталы	1	0,5
Тақырып 3 Корпорацияның айналым капиталы	1	0,5
Тақырып 4 Корпорация шығындары және оларды қаржыландыру	1	0,5
Тақырып 5 Корпорация табысын қалыптастыру, бөлу және пайдалану тиімділігі	1	0,5
Тақырып 6 Корпорацияның меншікті капиталы	1	0,5
Тақырып 7 Корпорацияны қаржыландырудың қарыздық көздері	1	0,5
Тақырып 8 Корпорация капиталының құны мен құрамы	1	0,5
<b>Студенттің өздік жұмысы</b>		
Тақырып 1 Корпоративтік қаржының мәні мен мазмұны	7	5
Тақырып 2 Корпорацияның қаржы қатынастары мен қызметтері	7	6
Тақырып 3 Корпорациялардың экономикадағы атқаратын ролі және олардың негізгі факторлары	8	6
Тақырып 4 Корпорацияның қаржы қорларының қалыптасуы	8	6
Тақырып 5 Корпорацияның негізгі капиталының құрамы мен жіктелуі	8	5

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>7 бет 23</b>

Тақырып 6 Корпорацияның айналым құралдарының қалыптасуы және пайдалануы	8	5
Тақырып 7 Корпорация табыстарын қалыптастыру және пайдалану	8	5
Тақырып 8 Корпорацияның кәсіпкерлік тәуекелдігі	8	5
1	2	3
Тақырып 9 Корпорацияның нарықтық стратегиясы	8	5
Тақырып 10 Корпорацияның инвестициялық қызметі	8	5
Тақырып 11 Корпорацияның қолма-қол ақша операциялары	8	5
Тақырып 12 Корпорацияның есеп айырысу жүйесі	8	5
Тақырып 13 Корпорацияның салық салу жүйесі	8	5
Тақырып 14 Корпорацияның бизнес-жоспары	8	5
Тақырып 15 Корпорацияның қаржылық тұрақтылығы	5	5

#### 4 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

##### 4.1 Бақылау жұмысының мақсаты


Бақылау жұмыстың мақсаттары:

- кәсіпорындардың қаржысын басқару жөніндегі білімді дербес кеңейтуге және тереңдетуге ықпал ету;
- курсты оқыту барысындағы маңызды деп танылатын жекелеген тақырыптарды тереңдетіп оқыту жолымен студенттердің теориялық білімін нығайту және арттыру;
- студенттердің өзбетімен ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығын және шаруашылық субъектіндегі қаржылық менеджмент мәселелерін ізденіс жолымен шешуге дайындығын бақылау.

Бақылау жұмыстың міндеттеріне мыналар кіреді:

- таңдалған тақырыпты теориялық негіздеу және экономикалық категориялардың, құбылыстардың, проблемалардың мағанасын ашу;
- таңдалынып алынған тақырып немесе мәселелер бойынша заңдық актілерді және ғылыми - еңбектермен жұмыстарды қарастыру;
- нақтылы материалдарды талдау (кестелер, диаграмма, график түрінде);
- негізделген және нақты ұсынымдар жасау.

Бақылау жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі жоғарғы экономистердің еңбектерінен, оқулықтардан, монографиялардан, мерзімдік басылымдардың деректерінен құралуы тиіс.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>8 бет 23</b>

#### **4.2 Бақылау жұмысының тақырыптарын таңдау**

Тақырыпты таңдау. Бақылау жұмысты орындау үшін, 5.1 бөлімінде берілген тақырыптар тізімінен бір тақырыпты таңдау керек. Жұмыстың нұсқаның нөмірі студенттің зачет кітапшасының ақырғы екі нөміріне дәл келу керек. Егер осы сан 35 санынан жоғары болса, нұсқаның нөмірін 35 санына азайту керек.

Мысалы, егер студенттің зачет кітапшасының нөмірі 998802 – нұсқаның нөмірі 2 болады, ал егер зачет кітапшасының нөмірі 998885 – нұсқаның нөмірі 15; егер зачет кітапшасының нөмірі 998800 – нұсқаның нөмірі 30.

Бақылау жұмыстың екінші бөлімшесінде студент 5.2 бөлімінде берілген есептер тізімінен әрбір блоктан 1 есептен 4 есеп шығару керек. Есептің нөмірі студенттің зачет кітапшасының ақырғы екі нөміріне дәл келу керек. Егер осы сан 20 санынан жоғары болса, нұсқаның нөмірін 20 санына азайту керек.

Мысалы, егер студенттің зачет кітапшасының нөмірі 998802 – нұсқаның нөмірі 2 болады, ал егер зачет кітапшасының нөмірі 998885 – нұсқаның нөмірі 5; егер зачет кітапшасының нөмірі 998800 – нұсқаның нөмірі 20.

#### **4.3 Бақылау жұмысын орындауға қойылатын талаптар**


Тақырып бойынша жұмыстың жоспарын құру және бекіту. Жұмыстың бұл кезеңі студенттің жауапкершілікпен қарауын талап етеді. Библиографияны құру үшін келесілерді пайдалану қажет:

- а) бақылау жұмыс бағдарламасында көрсетілген әдебиеттер тізімдері;
- б) лекция материалдары және семинарлық сабақтарға дайындалу үшін оқытушы ұсынған әдебиеттер тізімдері;
- в) кітапханалардағы техникалық және пәндік каталогтар;
- г) кейінгі жылдары мерзімдік басылымда жарияланған статьялар мен материалдардың көрсеткіштері;
- д) ғылыми жетекшінің кеңестері.

Әдебиеттермен оқу–танысуды нормативтік құжаттардан, инструкциялардан, заң актілерінен бастаған дұрыс болады. Бұл студентке үкіметінің саясатының негізгі бағыттарының нарық қатынастар заңдарымен стандартының енгізілу саласында және олардың қаржылық менеджментпен байланысты мәселелерін білуге мүмкіндік береді.

Содан кейін тақырып бойынша монографиялық әдебиеттерді және мерзімдік басылымдардың деректерін қолдануды ұсынады. Оқыған әдебиеттерден көшірмелерді жеке парақтарға, жұмыстың қай бөліміне жататына байланысты жеке жасаған тиімді болады. Статистикалық анықтамадан алынған мәліметтер жұмыстың теоретикалық бөлімін



	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>9 бет 23</b>

көркейтеді. Цитаталарды нақты жұмысты шығарылу жылын, бет нөмірін көрсетіп көшіру керек.

Қажетті әдебиеттерді дайындап болғаннан кейін, бақылау жұмыстың негіз бөлімін жазуға кіріседі. Бұл жерде берілген сұрақтың қорытындылау мақсатын нақты ойлану керек. Теоретикалық жағдайының мазмұның бухгалтерлік есеп және статистикалық ақпараттық мәліметтерінен, Қазақстанның экономикасының алдында тұрған мәселелерімен толықтыру қажет.

Берілген бөлімде мынандай сұрақтардың қамтылуы дұрыс болады:

- берілген тақырыпты қазіргі кездегі экономикалық әдебиеттерде теориялық негізделуі және баяндалуы;
- мәселені шешудің түрлі жолдары туралы студенттің көзқарасы.

Қорытындыда жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша студент өз ойын қорытындылап жазады.

Бақылау жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер мен еңбектер тізімі келтіріледі. Онда көрсетілетіндер:

- бақылау жұмысты жазу кезінде қолданылған Қазақстан Республикасының заң актілері;
- нұсқаулық ережелер және нормативтік құжаттар;
- беделді экономистердің еңбектері. Олардың авторларының аты – жөні, шығарылған баспасы, орны, жылы, парақ санын көрсету керек;
- периодикалық басылымдар (журналдар, газетер).


Қосымшалар. Қосымша бетте шығарылған иллюстрациялардың саны мен сапасы студенттің тақырып бойынша теориялық және тәжірибелік материалдарды тереңірек үйренгендігін дәлелдейді. Сондай-ақ таңдалып алынған тақырыптың мұқият зерттелгендігін көрсетіп, ұсыныстардың және қорытындылардың негіздігін растайды. Студенттің ұсыныстары курстық жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Осындай материалдар қолданылмаған жағдайда курстық жұмыс талапқа сай орындалмаған болып есептелінеді.

#### **4.4 Бақылау жұмысын толтыруға қойылатын талаптар**

Бақылау жұмысты аяқтағаннан кейін қабылданған ретпен титулдық парақты рәсімдейді. Титулдық бет компьютерде терілген түрде немесе сызба әріптерімен жазылады және келесі реквизиттерден тұру керек:

- министірліктің, жоғарғы оқу орнының және кафедраның аты;
- бақылау жұмыстың тақырыбы;
- бақылау жұмысты орындаған студенттің аты-жөні;
- оқытушының ғылыми дәрежесі және аты-жөні;

Бақылау жұмыс А4 форматты ақ қағазға парақтың бір жағында жазылуы керек. Жұмыс кезінде полялардың сақталуы керек: сол жағынан 30 мм-ден

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>10 бет 23</b>

кем емес, он жағынан 10 мм, жоғарғы жағынан 20 мм, төменгі жағынан 20 мм-ден кем емес.

Бақылау жұмыс таза, түсінікті, қара немесе көк түсті сиямен жазылуы керек. Әр түрлі сиялардың (қызыл, жасыл) қолдылуы тек сызбаларды, диаграмаларды, графиктерді толтырған кезде ғана рұқсат етіледі.

Титул бетінен кейін бақылау жұмыстың мазмұны, яғни бөлімдердің аттары, параграфтары бет нөмірі көрсетілген түрде беріледі.

Бақылау жұмыстың бөлімдері мен тараулары жаңа беттен басталуы керек. Әрбір бөлімге реттік нөмірі беріледі және рим цифрларымен белгіленеді.

Қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар нөмірленбейді. Параграфтар әрбір тарау немесе бөлім шектерінде араб цифрларымен нөмірленеді. Кестелер тарау шектерінде араб цифрларымен нөмірленеді.


Тиісті түрде дайындалған бақылау жұмыс бекітілген мерзімі кафедраға өткізілуі тиіс. Жұмысты қабылдап алушы (лаборант) оны тіркеп, кафедрада бекітілген оқытушыға тексеруге және рецензиялауға тапсырады.

Тексеруші өзінің ескертпелерін жұмыстың поляларына жасайды. Қойылатын талаптарға сай келетін жұмыстарды тексеруші қорғауға жібереді. Ескертпелері бар жұмыс студентке түзету үшін қайтарылады.

## 5 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

### 5.1 Бақылау жұмыстың теориялық бөлімінің тапсырмалары

- 1) Корпорация қаржыларының мәні және мазмұны, олардың құрылымы
- 2) Корпорация қаржыларын ұйымдастыру ерекшеліктері
- 3) Корпорацияның қаржы қатынастары мен қызметтері
- 4) Корпорацияның қаржылық механизмі және оның элементтері
- 5) Корпорация қаржыларының функциялары
- 6) Корпорация қаржыларын ұйымдастыру принциптері
- 7) Корпорациялардың экономикадағы атқаратын ролі және олардың негізгі факторлары
- 8) Корпорацияның қаржы қорларының қалыптасуы
- 9) Корпорацияның негізгі капиталының құрамы мен жіктелуі
- 10) Корпорацияның негізгі капиталының бағалануы
- 11) Корпорацияның айналым құралдарының экономикалық мазмұны және құрылымы
- 12) Корпорацияның айналым құралдарының ұйымдастырылуы
- 13) Корпорацияның айналым құралдарын пайдалануының тиімділігі
- 14) Корпорацияның айналым құралдарын нормалаудың негізгі әдістері
- 15) Корпорация табыстарын қалыптастыру және пайдалану

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>11 бет 23</b>

- 16) Корпорация шығындары және оларды қаржыландыру
- 17) Корпорацияның кәсіпкерлік тәуекелдігі
- 18) Корпорацияның нарықтық стратегиясы
- 19) Корпорацияның инвестициялық қызметі
- 20) Корпорацияның ақша ағымын басқару ерекшеліктері
- 21) Корпорацияның қолма-қол ақша операциялары
- 22) Корпорацияның есеп айырысу жүйесі
- 23) Корпорацияның салық салу жүйесі
- 24) Корпорацияның қаржысын жоспарлау
- 25) Корпорацияның бизнес-жоспары
- 26) Корпорацияның несиеге қабілеттілігін бағалау жүйесі
- 27) Корпорацияның қаржылық тұрақтылығы
- 28) Корпорацияның меншікті капиталы
- 29) Корпорацияның қаржыландыру саясаты
- 30) Корпорацияны қаржыландырудың қысқа мерзімді қарыздық көздері
- 31) Корпорацияны қаржыландырудың ұзақ мерзімді қарыздық көздері
- 32) Корпорация капиталының құны мен құрамы
- 33) Корпорацияның қаржылық дәрменсіздігі
- 34) Корпорацияның қаржылық сауықтыру саясаты
- 35) Корпорацияның инновациялық саясаты

## **5.2 Бақылау жұмыстың тәжірибелік бөлімінің тапсырмалары**


### **Блок № 1**

1. Негізгі өндіріс қордың қалдық құнын анықтаңыз, егер оның баланстық құны 200 мың. тг.(алғ), қызмет ету мерзімі 8 жыл және жабдық 5 жыл бойы пайдаланылды.

2. Негізгі өндіріс қордың қалдық құнын анықтаңыз, егер оның баланстық құны 100 мың. тг.(алғ), қызмет ету мерзімі 5 жыл және жабдық 3 жыл бойы пайдаланылды.

3. Негізгі өндіріс қордың қалдық құнын анықтаңыз, егер оның баланстық құны 150 мың. тг.(алғ), қызмет ету мерзімі 6 жыл және жабдық 4 жыл бойы пайдаланылды.

4. Негізгі өндіріс қордың қалдық құнын анықтаңыз, егер оның баланстық құны 270 мың. тг.(алғ), қызмет ету мерзімі 6 жыл және жабдық 4 жыл бойы пайдаланылды.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>12 бет 23</b>

5. Негізгі өндіріс қордың қалдық құнын анықтаңыз, егер оның баланстық құны 300 мың. тг.(алғ), қызмет ету мерзімі 10 жыл және жабдық 7 жыл бойы пайдаланылды.

6. Өлшеуіш аспаптың бастапқы құны 5000 \$. 7 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 2100 \$ құрады. Амортизациялық сомасын анықтаңыз.

7. Ғимараттың бастапқы құны 415 млн. \$. 5 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 319 млн. \$ құрады. Амортизациялық сомасын анықтаңыз.

8. Станоктың бастапқы құны 650 млн. \$. 8 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 370 млн. \$ құрады. Амортизациялық сомасын анықтаңыз.

9. Кеңселік жиһаздың бастапқы құны 8500 \$. 10 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 2500 \$ құрады. Амортизациялық сомасын анықтаңыз.

10. Автокөліктің бастапқы құны 7000 \$. 5 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 3500 \$ құрады. Амортизациялық сомасын анықтаңыз.

11. Негізгі құралдардың бастапқы құны 72000 тг. 5 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 52000 тг болып табылады. Жылдық амортизация сомасы қандай?


12. Негізгі құралдардың бастапқы құны 5000 тг. 2 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 4000 тг болды. Жылдық амортизация сомасын табу қажет.

13. Негізгі құралдардың бастапқы құны 65000 тг. 4 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 30000 тг болып табылады. Жылдық амортизация сомасы қандай?

14. Негізгі құралдардың бастапқы құны 82000 тг. 6 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 40000 тг болып табылады. Жылдық амортизация сомасы қандай?

15. Негізгі құралдардың бастапқы құны 95000 тг. 10 жыл пайдаланғаннан кейін оның құны 45000 тг болып табылады. Жылдық амортизация сомасы қандай?

16. Тауарлы өнім көлемі 6000 және негізгі қордың орташа жылдық құны 2000. Осы мәлеметтерді қолдана отырып қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын табу керек.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>13 бет 23</b>

17. Тауарлы өнім көлемі 7000 және негізгі қордың орташа жылдық құны 3500. Осы мәлеметтерді қолдана отырып қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын табу керек.

18. Тауарлы өнім көлемі 8000 және негізгі қордың орташа жылдық құны 4000. Осы мәлеметтерді қолдана отырып қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын табу керек.

19. Тауарлы өнім көлемі 9000 және негізгі қордың орташа жылдық құны 5000. Осы мәлеметтерді қолдана отырып қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын табу керек.

20. Тауарлы өнім көлемі 10000 және негізгі қордың орташа жылдық құны 4000. Осы мәлеметтерді қолдана отырып қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығын табу керек.

## Блок № 2


1. Болаттан дайындалатын өнімнің таза салмағы 96 кг., болаттың шығын нормасы 108 кг. Жылына 3000 бұйым өндіріледі. Болаттың жеткізілуі кварталына 1 рет іске асырылады. Көліктік запас 2 күн. Өндірістік запас шамасы мен болатты пайдалану коэффициентін анықтаңыз.

2. Темірден дайындалатын өнімнің таза салмағы 100 кг., темірдің шығын нормасы 120 кг. Жылына 4000 бұйым өндіріледі. Темірдің жеткізілуі кварталына 1 рет іске асырылады. Көліктік запас 2 күн. Өндірістік запас шамасы мен темірді пайдалану коэффициентін анықтаңыз.

3. Дайындалатын өнімнің таза салмағы 90 кг., шикізаттың шығын нормасы 110 кг. Жылына 2000 бұйым өндіріледі. Шикізаттың жеткізілуі кварталына 1 рет іске асырылады. Көліктік запас 3 күн. Өндірістік запас шамасы мен шикізатты пайдалану коэффициентін анықтаңыз.

4. Болаттан дайындалатын өнімнің таза салмағы 132 кг., болаттың шығын нормасы 185 кг. Болатты пайдалану коэффициентін анықтаңыз.

5. Материалдан дайындалатын өнімнің таза салмағы 250 кг., материалдың шығын нормасы 325 кг. Материалды пайдалану коэффициентін анықтаңыз.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>14 бет 23</b>

6. Тауарлық өнімнің жылдық шығынының өзіндік құны 1100 мың тг., 1 тг. тауарлық өнімдегі шығын 0,7-ге тең. Өндірілген өнімнің көлемін анықтаңыз.

7. Тауарлық өнімнің жылдық шығынының өзіндік құны 1500 мың тг., 1 тг. тауарлық өнімдегі шығын 0,81-ке тең. Өндірілген өнімнің көлемін анықтаңыз.

8. Өндірілген өнімнің көлемі 1571,43 мың тг. Айналым қаражатының жалпы нормативі 118,33 мың тг. Айналымның жүктелу коэффициентін анықтаңыз.

9. Өндірілген өнімнің көлемі 5 млн тг. Айналым қаражатының жалпы нормативі 750 мың тг. Айналымның жүктелу коэффициентін анықтаңыз.

10. Өндірілген өнімнің көлемі 5 млн тг. Айналым қаражатының жалпы нормативі 750 мың тг. Айналымдық коэффициентін анықтаңыз.

11. Өндірілген өнімнің көлемі 1571,43 тг. Айналым қаражатының жалпы нормативі 118,33 тг. Айналымдық коэффициентін және айналым ұзақтығын анықтаңыз.


12. Өндірілген өнімнің көлемі 2545 тг. Айналым қаражатының жалпы нормативі 175 тг. Айналымдық коэффициентін және айналым ұзақтығын анықтаңыз.

13. Материалдың запас нормасын анықтаңыз, егер, материалдың жеткізілуі кварталына 1 рет, көліктік запас 5 күн, қосымша запаста болуы 12 күн.

14. Материалдың запас нормасын анықтаңыз, егер, материалдың жеткізілуі жылына 1 рет, көліктік запас 5 күн, қосымша запаста болуы 9 күн.

15. Аяқталмаған өндіріс бойынша айналым қаражатының нормасын анықтаңыз, егер, өнімді дайындаудағы өндірістік цикл ұзақтығы 30 күн, жалпы орташа жылдық шығын 1100 мың тг., шығынның өсу коэффициенті 0,73-ке тең.

16. Аяқталмаған өндіріс бойынша айналым қаражатының нормасын анықтаңыз, егер, өнімді дайындаудағы өндірістік цикл ұзақтығы 27 күн,

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>15 бет 23</b>

жалпы орташа жылдық шығын 1300 мың тг., шығынның өсу коэффициенті 0,83-ке тең.

17. Аяқталмаған өндіріс бойынша айналым қаражатының нормасын анықтаңыз, егер, өнімді дайындаудағы өндірістік цикл ұзақтығы 32 күн, жалпы орташа жылдық шығын 1 млн тг., шығынның өсу коэффициенті 0,78-ке тең.

18. Дайын өнімнің запас нормасы 10 күн, өнімнің орташа күндік шығыны 1200 тг. Дайын өнімдегі айналым қаражатын анықтаңыз.

19. Дайын өнімнің запас нормасы 20 күн, өнімнің орташа күндік шығыны 1350 тг. Дайын өнімдегі айналым қаражатын анықтаңыз.

20. Дайын өнімнің запас нормасы 20 күн, өнімнің жылдық шығыны 1200 мың тг. Дайын өнімдегі айналым қаражатын анықтаңыз.

### **Блок № 3**


1. Қор айналымдылық мерзімі 35 күн, дебиторлық берешек өтеу мерзімі 28 күн, кредиторлық берешек 46 күн. Кәсіпорынның қаржылық цикл ұзақтығын анықтаңыз.

2. Қор айналымдылық мерзімі 20 күн, дебиторлық берешек өтеу мерзімі 50 күн, кредиторлық берешек 36 күн. Кәсіпорынның қаржылық цикл ұзақтығын анықтаңыз.

3. Қор айналымдылық мерзімі 40 күн, дебиторлық берешек өтеу мерзімі 20 күн, кредиторлық берешек 46 күн. Кәсіпорынның қаржылық цикл ұзақтығын анықтаңыз.

4. Қор айналымдылық мерзімі 46 күн, дебиторлық берешек өтеу мерзімі 30 күн, кредиторлық берешек 20 күн. Кәсіпорынның қаржылық цикл ұзақтығын анықтаңыз.

5. Қор айналымдылық мерзімі 86 күн, дебиторлық берешек өтеу мерзімі 40 күн, кредиторлық берешек 46 күн. Кәсіпорынның қаржылық цикл ұзақтығын анықтаңыз.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>16 бет 23</b>

6. Тоқыма өндірісінде шикізат дайындау цехы бар өндіріске босатылған шикізаттың құны 1200 мың тг, оны өндеуге кеткен шығын 500 мың теңгені құрайды, өзіндік құнды анықтаңыз.

7. Тоқыма өндірісінде жіп иіру цехы бар. Өндіріске босатылған лентаның өзіндік құны 1700 мың тг, өндеуге кеткен шығындар 700 мың тг. Иірілген жіптің өзіндік құнын анықтаңыз

8. «ABC» компаниясының меншікті капиталы келесідей құрылтайшылардан жиналған: «А» - 280 мың тг., «В» - 320 мың тг., «С» - 300 мың тг. Құрылтайшылардың үлесін анықтаңыз.

9. «ABC» компаниясының меншікті капиталы келесідей құрылтайшылардан жиналған: «А» - 230 мың тг., «В» - 410 мың тг., «С» - 180 мың тг. Құрылтайшылардың үлесін анықтаңыз.

10. «BCD» компаниясының меншікті капиталы келесідей құрылтайшылардың үлесінен құралған: «В» - 31%, «С» -35,5%, «D» -33,3%. Меншікті капиталының жалпы мөлшері 900 мың тг. Әр құрылтайшыға тиесілі соманы анықтаңыз.

11. «BCD» компаниясының меншікті капиталының сомасы – 820 мың тг. құрайды. Ол келесідей құрылтайшылардың үлесінен құрылған: «В» - 28%, «С» - 50%, «D» - 22%. Әр құрылтайшыға тиесілі мөлшерді анықтау керек.


12. «ABC» компаниясының меншік капиталы келесідей құрылтайшылардан құрылған: «А» - 310 мың тг, «В» - 250 мың тг, «С» - 280 мың тг. Мұндағы әрбір құрылтайшының үлесін анықтаңыз.

13. Егер өнімнің 1 данасының өзіндік құны 950 тг, өнімнің 1 данасының бағасы – 1200 тг-ге тең болғанда, өнімнің рентабельділік деңгейі қаншаға тең болады?

14. Егер өнімнің 1 данасының өзіндік құны 1100 тг, өнімнің 1 данасының бағасы – 1350 тг-ге тең болғанда, өнімнің рентабельділік деігейі қаншаға тең болады?

15. Егер өнімнің 1 данасының өзіндік құны 920 тг, өнімнің 1 данасының бағасы – 1170 тг-ге тең болғанда, өнімнің рентабельділік деігейі қаншаға тең болады?



	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>17 бет 23</b>

16. Егер өнімнің 1 данасының өзіндік құны 1000 тг, өнімнің 1 данасының бағасы – 1250 тг-ге тең болғанда, өнімнің рентабельділік деігейі қаншаға тең болады?

17. Егер өнімнің 1 данасының өзіндік құны 980 тг, өнімнің 1 данасының бағасы – 1230 тг-ге тең болғанда, өнімнің рентабельділік деігейі қаншаға тең болады?

18. Айналым қаражатының жылдық орташа қалдығы – 50 теңге, өнімді өткізудің жылдық көлемі 2500 теңгені құрайды. Айналым қаражатының айналымдық коэффициентін анықтаңыз.

19. Айналым қаражатының жылдық орташа қалдығы – 900 теңге, кезеңдегі пайда 72000 теңге. Айналым қаражатының айналымдық коэффициентін анықтаңыз.

20. Айналым қаражатының жылдық орташа қалдығы – 500 теңге, кезеңдегі пайда 35000 теңге. Айналым қаражатының айналымдық коэффициентін анықтаңыз.


#### **Блок № 4**

1. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Сатылған өнімнің өзіндік құны 25485000 тг, басқа да шығындар 2532000 тг, негізгі емес қызметтен түскен табыс 7698000 тг, жалпы және әкімшілдік шығындар 9382000 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 81447000 тг.

2. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Сатылған өнімнің өзіндік құны 10622413 тг, басқа да шығындар 7698000 тг, негізгі емес қызметтен түскен табыс 256000 тг, жалпы және әкімшілдік шығындар 628400 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 25418000 тг.

3. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Сатылған өнімнің өзіндік құны 6241321 тг, басқа да шығындар 2521761 тг, негізгі емес қызметтен түскен табыс 8412300 тг, жалпы және әкімшілдік шығындар 12536400 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 16214226 тг.

4. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Сатылған өнімнің өзіндік құны 2364000 тг, басқа да шығындар 423628 тг, негізгі емес қызметтен түскен табыс 22418300 тг, жалпы және әкімшілдік шығындар 4623214 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 2418500 тг.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>18 бет 23</b>

5. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Сатылған өнімнің өзіндік құны 18412226 тг, басқа да шығындар 9324376 тг, негізгі емес қызметтен түскен табыс 62412336 тг, жалпы және әкімшілдік шығындар 2382500 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 3364213 тг.

6. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Жалпы және әкімшілдік шығындар 276692000 тг, сатылған өнімнің өзіндік құны 372232000 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 4308448000 тг, пайыз бойынша шығыстар 23001000 тг, төтенше жағдайдан алынған табыс 14338000 тг, сату бойынша шығыстар 78711000 тг.


7. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Жалпы және әкімшілдік шығындар 6324800 тг, сатылған өнімнің өзіндік құны 2783600 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 23814536 тг, пайыз бойынша шығыстар 7836402 тг, төтенше жағдайдан алынған табыс 42726800 тг, сату бойынша шығыстар 8324536 тг.

8. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Жалпы және әкімшілдік шығындар 17236302 тг, сатылған өнімнің өзіндік құны 28329342 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 21836740 тг, пайыз бойынша шығыстар 13213536 тг, төтенше жағдайдан алынған табыс 59769800 тг, сату бойынша шығыстар 5641246 тг.

9. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Жалпы және әкімшілдік шығындар 7236300 тг, сатылған өнімнің өзіндік құны 1243614 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 42393200 тг, пайыз бойынша шығыстар 21342670 тг, төтенше жағдайдан алынған табыс 51112000 тг, сату бойынша шығыстар 2317157 тг.

10. Таза табыстың сомасын есептеу, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Жалпы және әкімшілдік шығындар 1513100 тг, сатылған өнімнің өзіндік құны 357149 тг, сатылған өнімнен түскен түсім 15656400 тг, пайыз бойынша шығыстар 6213000 тг, төтенше жағдайдан алынған табыс 5213400 тг, сату бойынша шығыстар 936714 тг.

11. Таза кірісті анықтау, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Төтенше жағдайдан алынатын кіріс 10000 тг, салық салынғанға дейін алынған кіріс 136610 тг, табыс салығы 18000 тг болса.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>19 бет 23</b>

12. Таза кірісті анықтау, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Төтенше жағдайдан алынатын кіріс 25000 тг, салық салынғанға дейін алынған кіріс 161342 тг, табыс салығы 33000 тг болса.

13. Таза кірісті анықтау, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Төтенше жағдайдан алынатын кіріс 42000 тг, салық салынғанға дейін алынған кіріс 267300 тг, табыс салығы 20000 тг болса.

14. Таза кірісті анықтау, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Төтенше жағдайдан алынатын кіріс 5000 тг, салық салынғанға дейін алынған кіріс 68305 тг, табыс салығы 9000 тг болса.

15. Таза кірісті анықтау, егер келесі көрсеткіштер берілсе. Төтенше жағдайдан алынатын кіріс 20000 тг, салық салынғанға дейін алынған кіріс 273220 тг, табыс салығы 36000 тг болса.


16. Жалпы кірісті анықтау, егер көрсеткіштер берілсе. Өнімді сатудан түскен түсім 120000тг, сатылған өнімнің өзіндік құны: материалдық шығындар 3190 тг, еңбекақыға жұмсалған шығындар 5200, өзге де шығындар 2000 тг

17. Жалпы кірісті анықтау, егер көрсеткіштер берілсе. Өнімді сатудан түскен түсім 99600тг, сатылған өнімнің өзіндік құны: материалдық шығындар 3500 тг, еңбекақыға жұмсалған шығындар 11000, өзге де шығындар 2500 тг

18. Жалпы кірісті анықтау, егер көрсеткіштер берілсе. Өнімді сатудан түскен түсім 219600тг, сатылған өнімнің өзіндік құны: материалдық шығындар 6690 тг, еңбекақыға жұмсалған шығындар 16200 тг , өзге де шығындар 4500 тг


19. Жалпы кірісті анықтау, егер көрсеткіштер берілсе. Өнімді сатудан түскен түсім 112576тг, сатылған өнімнің өзіндік құны: материалдық шығындар 2760 тг, еңбекақыға жұмсалған шығындар 8000, өзге де шығындар 3500 тг

20. Жалпы кірісті анықтау, егер көрсеткіштер берілсе. Өнімді сатудан түскен түсім 90000тг, сатылған өнімнің өзіндік құны: материалдық шығындар 3600 тг, еңбекақыға жұмсалған шығындар 6200, өзге де шығындар 4500 тг

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>20 бет 23</b>

## 6 ЕМТИХАНҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1) Кәсіпорын қаржысының анықтамасы.
- 2) Кәсіпорындардың қаржыларының мазмұны, мәні.
- 3) Кәсіпорын қаржыларының негізгі нәтижесін анықтайтын факторлар және кәсіпорындардың қаржыларының негізгі белгілері.
- 4) Кәсіпорындар қаржыларының атқаратын қызметтері.
- 5) Кәсіпорындардың қаржылық қатынастары.
- 6) Кәсіпорындардың қаржылық механизмі құрылымы, қаржылық әдістері.
- 7) Кәсіпорындар қаржыларын ұйымдастыру принциптері.
- 8) Кәсіпорындардың шаруашылық қызметіндегі қаржылардың ролі.
- 9) Кәсіпорынның қаржылық қорлары. Қаржы қорлардың негізгі көздері.
- 10) Кәсіпорынның жарғылық капиталы.
- 11) Қарыздық қаржы қорлары.
- 12) Кәсіпорын қаражаттарының айналымындағы қаржының ролі.
- 13) Қаражаттар көздерінің құрлымы мен олардың орналасуы.
- 14) Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық түрлерін атаңыз.
- 15) Шаруашылық серіктестіктер, олардың түрлері мен ерекшеліктері.
- 16) Шаруашылық серіктестіктердегі жарғылық капиталдың қалыптасуы және таза табыстың бөліну ерекшеліктері.
- 17) Акционерлік қоғамның құнды қағаздары және олар бойынша дивиденттер төлеу тәртібі.
- 18) Өндірістік кооператив қаржыларының ерекшеліктері.
- 19) Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын және қолма-қол басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қаржыларын ұйымдастыру ерекшеліктері.
- 20) Кәсіпорынның негізгі қаражаттарының құрамы мен құрылымы.
- 21) Кәсіпорынның негізгі қорларын бағалау.
- 22) Кәсіпорынның негізгі қаражаттарын қолданудың қаржылық көрсеткіштері.
- 23) Айналым капиталы, оның құрамы, құрылымы және кәсіпорындағы айналым.
- 24) Кәсіпорындардың айналым қаражаттарын қалыптастыру көздері.
- 25) Қарыздық қаражаттарды тарту саясатының мәні.
- 26) Кәсіпорында айналым қаражаттарын қолдану тиімділігі, көрсеткіштер жүйесі, оларды анықтау әдістері.
- 27) Кәсіпорынның айналым қаражаттарын қолдануды жақсарту жолдары.
- 28) Кәсіпорындардың ақшалай табыстары және олардың шаруашылық іс-әрекеттерінің нәтижелері.
- 29) Өнімді өткізуден түскен табыс, оның құрамы мен құрылымы, қалыптасу факторлары мен есептеу әдістемесі.


	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>21 бет 23</b>

- 30) Пайданың экономикалық табиғаты, мәні және қызметтері.
- 31) Пайданың сапасын бағалау критерилері.
- 32) Кәсіпорындардың пайдалылығы және оның көрсеткіштерін анықтау тәсілдері.
- 33) Кәсіпорындардың қаржылық жағыдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі.
- 34) Кәсіпорындардың дәрменсіздігі, оларды қайта құру және тарату.
- 35) Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы және оны қалыптастырушы факторлар.
- 36) Қаржылық тәуекел, оларды есептеу және төмендету тәсілдері.
- 37) Қаржылық жоспарлаудың мақсаттары, міндеттері және қажеттілігі.
- 38) Кәсіпорында стратегиялық, ағымдық және оперативті қаржылық жоспарлау.
- 39) Кәсіпорындардың қаржылық жоспарындағы негізгі көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері.
- 40) Түсім мен пайданың жоспарлық көлемін есептеу.


## 7 ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### 7.1 Негізгі әдебиеттер

- 1 Балабанов И.Т. Основы финансового менеджмента. Как управлять капиталом. – М.: Финансы и статистика, 1995. – 381 с.
- 2 Банкротство. Стратегия и тактика выживания. – М.: СП МЛИ, 1993. – 239 с.
- 3 Бигельдиева З.А. Корпоративтік қаржы. – Алматы: Экономика, 2010. – 150 б.
- 4 Бланк И.А. Стратегия и тактика управления финансами. – Киев, 1996. – 534 с.
- 5 Белолипецкий В.Г. Финансы фирмы. – М.: ИНФРА-М, 1999. – 298 с.
- 6 Бочаров В.В., Леонтьев В. Корпоративные финансы. – СПб.: Питер, 2004. – 592 с.
- 7 Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. – М.: ЗАО Олимп-Бизнес, 2003. – 1120 с.
- 8 Ван Хорн Дж. К. Основы управления финансами. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 800 с.
- 9 Гитман Л.Дж., Джон М.Д. Основы инвестирования: Пер. с англ. - М.: Дело, 1997.
- 10 Грачев А.В. Анализ и управление финансовой устойчивостью предприятия. – М.: Финпресс, 2002. – 208 с.
- 11 Джонс Энтони. Деловые финансы. – М.: ЗАО «Олимп-Бизнес», 1998. – 416 с.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>22 бет 23</b>

- 12 Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Ә.Е., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. – Алматы: Экономика, 2001.
- 13 Жариков В.В., Жариков В. Управление финансами. – Тамбов: ТГТУ, 2002. – 80 с.
- 14 Жуйриков К.К., Раимов С.Р. Корпоративные финансы. – Алматы, 2004.
- 15 Игошин Н.В. Инвестиции. Организация управления и финансирования. – М.: ЮНИТИ, 1999. – 413 с.
- 16 Кадрова Н.Н. Корпоративтік қаржы. – Алматы: Экономика, 2008. – 376 б.
- 17 Ковалев В.В., Ковалев Вит.В. Финансы организаций (предприятий). – М.: ТК Велби, Проспект, 2006. – 352 с.
- 18 Коласс Б. Управление финансовой деятельностью предприятия. – М.: ЮНИТИ, 1997.
- 19 Кочович Е. Финансовая математика: Теория и практика финансово-банковских расчетов. – М.: Финансы и статистика, 1994.
- 20 Кох Р. Менеджмент и финансы. – СПб.: Питер, 1999. – 496 с.
- 21 Лембден Дж.К., Таргет Д. Финансы в малом бизнесе. – М.: Финансы и статистика, 1992. – 127 с.
- 22 Мелкумов Я.С. Теоретическое и практическое пособие по финансовым вычислениям. – М.: Экономика, 1996.
- 23 Мельников В.Д., Ильясов К.К. Қаржы – Алматы: Қаржы-қаражат, 2010. – 472 с.
- 24 Никонова И.А. Финансирование бизнеса. – М.: Альпина Паблишер, 2003. – 197 с.
- 25 Пайк Б.Нил. Корпоративные финансы. – СПб: Питер, 2006. – 784 с.
- 26 Росс С. Основы корпоративных финансов. – М.: Дело, 1993. – 128 с.
- 27 Рэдхэд К., Хьюс С. Управление финансовыми рисками./ Пер. с англ. - М.: Инфра - М, 1996. – 288 с.
- 28 Трениев Н.Н. Управление финансами: Учеб. Пособие. – М.: Финансы и статистика, 1999. – 496 с.
- 29 Управление инвестиционным проектом. Опыт IBM. - М.- Инфра – М, 1995.- 208 с.
- 30 Уткин Э.А. Риск – менеджмент. – М.: ЭКМОС, 1998. – 288 с.
- 31 Финансово-экономический словарь / Под ред. акад. М.Г. Назарова. – М.: Финстатинформ, 1995.
- 32 Финансовое управление компанией / Под ред. Кузнецовой В. – М.: Правовая культура, 1995.- 383 с.
- 33 Финансы предприятий / Под ред. Е.И. Бородиной. – М.: Банки и биржи, 1995. –208 с.
- 34 Финансы предприятий / Под ред. Н.В. Колчиной. – М.: Юнити, 1998.

	<b>Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</b>		<b>Ф6 Н ШҚМТУ 701.01-01-1-20 11</b>
	<b>Сапалы менеджмент жүйесі</b>	<b>Пәннің оқу-жұмыс бағдарламасы, бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>23 бет 23</b>

- 35 Финансы предприятий / Под ред. М.В.Романовского. – СПб., 2000. – 528 с.
- 36 Ченг Ф. Ли, Джозеф И. Финнерти. Финансы корпорации: теория, методы и практика. – М.: Инфра – М., 2000. – 686 с.
- 37 Черникова Ю. В., Юн Б. Г., Григорьев В.В. Финансовое оздоровление предприятий: теория и практика.- М.: Дело, 2005.
- 38 Шарп У., Александр Г., Бейли Дж. Инвестиции.– М.: Инфра – М, 2003 – 1028 с.
- 39 Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Финансы предприятий. – М., ИНФРА-М, 1997.

## **7.2 Қосымша әдебиеттер**

- 1 Журнал «Финансовый менеджмент» <http://www.dis.ru/fm>.
- 2 Журнал «Деньги» <http://www.kommersant.ru>.
- 3 Журнал «Финансы и кредит» » <http://www.financepress.ru>.
- 4 Журнал «Финансы» <http://www.dis.ru/>.
- 5 Журнал «Финансовый директор» [www.fd.ru](http://www.fd.ru).
- 6 Журнал «Управление финансовыми рисками» <http://www.finrisk.ru/>.